

Техникалық сипаттама

(ЛОТ №27)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Ғылыми зерттеуге қажет реагенттер және шығын материалдарды сатып алу	1-арналы механикалық дозатор Proline Sartorius 100–1000 мкл Дозалау диапазоны: 100–1000 мкл. Арналар саны – 1 арна. Дозалау принципі – ауаны ығыстыру (ауа алмастыру) әдісі. Дискреттілігі – 5 мкл. Дәлдігі: көлемі 100 мкл – $\pm 2,50\%$, $\pm 2,5$ мкл, көлемі 500 мкл – $\pm 0,80\%$, $\pm 4,0$ мкл, көлемі 1000 мкл – $\pm 0,70\%$, $\pm 7,0$ мкл. Қайталанымдылығы: көлемі 100 мкл – $\leq 0,70\%$, $\leq 0,7$ мкл, көлемі 500 мкл – $\leq 0,25\%$, $\leq 1,25$ мкл, көлемі 1000 мкл – $\leq 0,20\%$, $\leq 2,0$ мкл. Отырғызу конусына қорғаныш сүзгілерін орнату мүмкіндігі – 5,33 мм. Жұмысшы дозалау көлемін өзгерту мүмкіндігі бар. Көлемді «шертпе» (шелчок) арқылы орнату мүмкіндігі бар. Дозаторда дозалаудың ең төменгі және ең жоғары көлемдерінің көрсетілуі бар. Дисплей түсі – қара. Сандардың түсі – ақ. Жұмыс істеу кезіндегі күш – 20 N-нан аспайды. Поршень материалы – коррозияға төзімді SS (тот баспайтын болат). Дозатор материалдары: корпус – ABS (акрилонитрилбутадиеңстирол), ұштықты түсіргіш – PA (полиамид), отырғызу конусы – PVDF (поливинилиденфторид). Калибрлеу мүмкіндігі бар. Салмағы – 75 г-нан аспайды. Ұзындығы – 233 мм-ден аспайды.	1
		1-арналы механикалық дозатор Proline Sartorius 0,5–10 мкл Дозалау диапазоны: 0,5–10 мкл. Арналар саны – 1 арна. Дозалау принципі – ауаны ығыстыру әдісі. Дискреттілігі – 0,10 мкл. Дәлдігі: көлемі 1,0 мкл – $\pm 3,00\%$, $\pm 0,030$ мкл, көлемі 5,0 мкл – $\pm 1,50\%$, $\pm 0,075$ мкл, көлемі 10,0 мкл – $\pm 1,0\%$, $\pm 0,100$ мкл. Қайталанымдылығы: көлемі 1,0 мкл – $\leq 2,00\%$, $\leq 0,020$ мкл, көлемі 5,0 мкл – $\leq 1,50\%$, $\leq 0,075$ мкл, көлемі 10,0 мкл – $\leq 0,80\%$, $\leq 0,080$ мкл. Жұмысшы дозалау көлемін өзгерту мүмкіндігі бар. Көлемді «шертпе» арқылы орнату мүмкіндігі бар. Дозаторда дозалаудың ең төменгі және ең жоғары көлемдерінің көрсетілуі бар.	1

	Дисплей түсі – кара. Сандардың түсі – ақ. Жұмыс істеу кезіндегі күш – 20 N-нан аспайды. Поршень материалы – коррозияға төзімді SS (тот баспайтын болат). Дозатор материалдары: корпус – ABS (акрилонитрилбутадиенстирол), ұштықты түсіргіш – PA (полиамид), отығызу конусы – PVDF (поливинилиденфторид). Калибрлеу мүмкіндігі бар. Салмағы – 75 г-нан аспайды. Ұзындығы – 260 мм-ден аспайды.	
	Қан сарысуында (плазмасында) тиреотропты гормон концентрациясын иммуноферменттік әдіспен анықтауға арналған реагенттер жиынтығы. Құрамы: – ішкі бетіне ТТГ-ға қарсы моноклоналды антиденелер иммобилизацияланған, қолдануға дайын, ажыратылатын планшет (12 сегізұяшықты стрип) – 1 дана; – адам қанының инактивтелген сарысуы негізіндегі, ТТГ-ның белгілі мөлшерлерін қамтитын калибрлеу үлгілері – 0; 0,25; 1,0; 4,0; 8,0 және 16 мМЕ/л, WHO International Standard NIBSC 81/565 стандартына қатысты аттестатталған; калибрлеу үлгілеріндегі ТТГ концентрациялары көрсетілген мәндерден аздап айырмашылықта болуы мүмкін, нақты мәндері флакон жапсырмаларында көрсетілген; ВИЧ-1, 2, С гепатиті вирусына қарсы антиденелерді, HBsAg және ВИЧ-1 р24 антигенін құрамайды; қолдануға дайын – 6 флакон (әрқайсысы 0,7 мл); – ТТГ-ның белгілі мөлшері бар, WHO International Standard NIBSC 81/565 стандартына қатысты аттестатталған, адам қанының инактивтелген сарысуы негізіндегі бакылау үлгісі; ВИЧ-1, 2, С гепатиті вирусына қарсы антиденелерді, HBsAg және ВИЧ-1 р24 антигенін құрамайды; қолдануға дайын – 1 флакон (0,7 мл); – желкек пероксидазасымен конъюгацияланған ТТГ-ға қарсы моноклоналды антиденелер конъюгаты, қолдануға дайын – 1 флакон (13 мл); – сарысуларды сұйылтуға арналған ерітінді (PPC) – 1 флакон (12 мл); – твині бар фосфат-тұзды буфер ерітіндісінің концентраты (ФСБ-Т×25) – 1 флакон (28 мл); – тетраметилбензидин плюс ерітіндісі (ТМБ плюс), қолдануға дайын – 1 флакон (13 мл); – стоп-реагент, қолдануға дайын – 1 флакон (12 мл). Жабдықтар: – планшетті жабуға арналған пленка – 1 дана; – калибрлеу графигін құруға арналған трафарет – 1 дана; – реагенттерге арналған ванночка – 2 дана; – 5–200 мкл дозаторларға арналған ұштықтар – 16 дана. Жиынтық 41 белгісіз, 6 калибрлеу және 1 бакылау үлгісін дубликатта анықтауға есептелген, планшеттің	2

		барлық стриптері пайдаланылғанда барлығы 96 анықтама жүргізіледі.	
		Еркін Т3 – ИФТ (ИФА) Қан сарысуындағы еркін трийодтиронин фракциясының концентрациясын иммуноферменттік әдіспен анықтауға арналған реагенттер жиынтығы. Жиынтық құрамына кіреді: – ішкі бетіне трийодтиронинге қарсы поликлоналды антиденелер иммобилизацияланған, бір ұяшықтан «сынып ажыратылатын» 12 сегізұяшықты стриптен тұратын планшет, қолдануға дайын – 1 дана; – Certified Reference Material IRMM-469 стандартына қатысты аттестатталған, Т3 еркіннің белгілі мөлшерлерін қамтитын калибрлеу үлгілері – 0; 1,25; 2,5; 5; 10 және 20 пмоль/л; нақты концентрациялар флакон жапсырмаларында көрсетілген; қолдануға дайын – 6 флакон (әрқайсысы 0,7 мл); – Certified Reference Material IRMM-469 стандартына қатысты аттестатталған, Т3 еркіннің белгілі мөлшері бар, инактивтелген адам қаны сарысуы негізіндегі бақылау үлгісі – 1 флакон (0,7 мл); – желкек пероксидазасымен конъюгацияланған трийодтиронин, қолдануға дайын – 1 флакон (13 мл); – твині бар фосфат-тұзды буфер ерітіндісінің концентраты – 1 флакон (28 мл); – тетраметилбензидин плюс ерітіндісі, қолдануға дайын – 1 флакон (13 мл); – стоп-реагент, қолдануға дайын – 1 флакон (12 мл). Жабдықтар: – планшетті жабуға арналған пленка – 1 дана; – реагенттерге арналған ванночка – 2 дана; – 2–200 мкл дозаторларға арналған ұштықтар – 16 дана; – калибрлеу графигін құруға арналған трафарет – 1 дана. Жиынтық 41 белгісіз, 6 калибрлеу және 1 бақылау үлгісін дубликатта анықтауға есептелген, барлығы 96 анықтама.	3
		Еркін Т4 – ИФТ (ИФА) Қан сарысуындағы еркін тироксин фракциясының концентрациясын иммуноферменттік әдіспен анықтауға арналған реагенттер жиынтығы. Жиынтық құрамына кіреді: – ішкі бетіне тироксинге қарсы моноклоналды антиденелер иммобилизацияланған, бір ұяшықтан ажыратылатын 12 сегізұяшықты стриптен тұратын планшет, қолдануға дайын – 1 дана; – Certified Reference Material IRMM-468 стандартына қатысты аттестатталған, Т4 еркіннің белгілі мөлшерлерін қамтитын калибрлеу үлгілері – 0; 2; 10; 20; 40 және 80 пмоль/л; нақты концентрациялар флакон жапсырмаларында көрсетілген; қолдануға дайын – 6 флакон (әрқайсысы 0,7 мл); – Certified Reference Material IRMM-468 стандартына қатысты аттестатталған, Т4 еркіннің белгілі мөлшері бар, инактивтелген адам қаны сарысуы негізіндегі бақылау үлгісі – 1 флакон (0,7 мл); – желкек пероксидазасымен конъюгацияланған	3

	тироксин, қолдануға дайын – 1 флакон (13 мл); – твині бар фосфат-тұзды буфер ерітіндісінің концентраты – 1 флакон (28 мл); – тетраметилбензидин плюс ерітіндісі, қолдануға дайын – 1 флакон (13 мл); – стоп-реагент, қолдануға дайын – 1 флакон (12 мл). Жабдықтар: – планшетті жабуға арналған пленка – 1 дана; – реагенттерге арналған ванночка – 2 дана; – 2–200 мкл дозаторларға арналған ұштықтар – 16 дана; – калибрлеу графигін құруға арналған трафарет – 1 дана. Жиынтық 41 белгісіз, 6 калибрлеу және 1 бақылау үлгісін дубликатта анықтауға есептелген, барлығы 96 анықтама.	
Барлығы		11

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылым департаментінің директоры

Х.Масадиков

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалуы қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін

